

«Бақыт» бөбекжайы» КМҚК
кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ

«20» наурыз 2023ж.

Төраға: З.Т.Ныгыметова
Хатшы: Б.Бауыржанқызы
Қатысқандар: 28 педагог
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1.Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы.

Тындалды:

1.З.Т.Ныгыметова, директордың міндетін атқарушы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысы бойынша Білім беру сапасын қамтамасыз ету Департаментінің 09.11.2022 жылғы хатының негізінде аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады (2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылдары).

Сонымен қатар, Зибагуль Турсыновна оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

3)мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына «үлгілі» - 5, «жақсы» - 4, «жақсартуды қажет етеді» - 3, «төмен» - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

Қаулы етті:

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.

2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:

Комиссия төрағасы- З.Т.Ныгыметова – директордың м.а.;

Комиссия мүшелері:

Н.Д.Маклякова- әдіскер;

Б.Х.Рахимбекова- тәрбиеші;

М.Ш.Адамбекова – педагог-психолог;

Б.К.Мукушева – қазақ тілі мұғалімі;

Төраға:



З.Т.Ныгыметова

Хатшы:



Б.Бауыржанқызы